

9. Fernández-Batanero J. M. et al. Digital competences for teacher professional development. Systematic review //European Journal of Teacher Education. – 2022. – Т. 45. – №. 4. – С. 513-531.

10. Cattaneo A.A. P., Antonietti C., Rauseo M. How digitalised are vocational teachers? Assessing digital competence in vocational education and looking at its underlying factors //Computers & Education. – 2022. – Т. 176. – С. 104-134.

References:

1. Ob utverzhenii Konceptii razvitiya vysshego obrazovaniya i nauki v Respublike Kazahstan na 2023 – 2029 gody. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 28 marta 2023 goda № 248. [jelektronnyj resurs] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248#z321> (data obrashheniya 10.01.2024).

2. Gluhov A. P., Kamneva O. S., Solomina I. G. Cifrovaja gramotnost' pedagogov: konceptualizacija i monitoring //Nauchno-pedagogicheskoe obozrenie. Pedagogical Review. – 2022. – №. 5 (45). – S. 39-47.

3. Gilster P. Digital literacy. New York: John Wiley, 1997.

4. Helsper E. Digital inclusion: an analysis of social disadvantage and the information society. – Department for Communities and Local Government, 2008.

5. Shilova O. N., Ignat'eva E. Ju. Issledovanie instrumentarija ocenki cifrovyyh kompetencij uchitelja //Chelovek i obrazovanie. – 2022. – №. 2 (71). – S. 99-108.

6. Potemkina T. V., Shhaveleva E. N. Razvitie cifrovyyh kompetencij uchitelej: analiz mezhdunarodnogo opyta //Nauchnoe obespechenie sistemy povysheniya kvalifikacii kadrov. – 2023. – №. 2 (55). – S. 29-38.

7. Redecker C. European framework for the digital competence of educators: DigCompEdu. – 2017.

8. Alarcón R., Del Pilar Jiménez E., de Vicente- Yagüe M. I. Development and validation of the DIGIGLO, a tool for assessing the digital competence of educators //British Journal of Educational Technology. – 2020. – Т. 51. – №. 6. – S. 2407-2421.

9. Fernández-Batanero J. M. et al. Digital competences for teacher professional development. Systematic review //European Journal of Teacher Education. – 2022. – Т. 45. – №. 4. – S. 513-531.

10. Cattaneo A.A. P., Antonietti C., Rauseo M. How digitalised are vocational teachers? Assessing digital competence in vocational education and looking at its underlying factors //Computers & Education. – 2022. – Т. 176. – S. 104-134.

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.82.2.020>

А.Д. Мендекенова, ^{1*} Д.М. Джусубалиева ¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және
Әлем Тілдері Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖОО-НЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ КӘСІБИ-НЕГІЗДЕЛЕТІН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақала сандық технологияларды қолдану арқылы жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыруды талдауға және зерттеуге арналған. Ғылыми мақала «кәсіби-негізделетін құзыреттілік» түсінігін зерттеуден, оның субқұзыреттіліктерін таныстырудан, жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыруға арналған сандық технологияларды қолдану әдістемесін ұсынудан және оны тәжірибе негізінде тексеруден тұрады. Ғылыми мақаланың теориялық маңыздылығын анықтау үшін ғылыми жұмыстың тақырыбына байланысты әдеби дереккөздер талданды және зерттелді. «Кәсіби-негізделетін құзыреттілік» түсінігіне анықтама берілді. Болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби-негізделетін субқұзыреттіліктері таныстырылды. Жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыруда сандық технологияны қолданудың маңыздылығы сипатталды. Жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыруға арналған сандық технологиялардың түрлеріне талдау жасалды. Сандық технологиялар қатарына кіретін блокчейн технологиясының кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастырудағы қолданысы сипатталды. Жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі құрастырылды. Кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру

әдістемесі тәжірибеде тексерілді. Өткізілген тәжірибеге талдау жасалды. Жасалған талдау негізінде тәжірибенің нәтижесі шығарылды.

Түйін сөздер: кәсіби құзыреттілік, кәсіби дайындық, кәсіби-негізделетін құзыреттілік, сандық технологиялар, блокчейн технологиясы.

Мендекенова А.Д.,^{1} Джусубалиева Д.М.¹
¹Казахский университет международных отношений и
мировых языков имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-БАЗИРУЕМОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

Данная научная статья посвящена анализу и исследованию формирования профессионально-базируемой компетенций в образовательном процессе вуза с использованием цифровых технологий. Научная статья состоит из изучения понятия «профессионально-базируемая компетенция», ознакомления с её субкомпетенциями, представления методики применения цифровых технологий для формирования профессионально-базируемой компетенции в образовательном процессе вуза и её проверки на основе эксперимента. Для определения теоретической значимости научной статьи были проанализированы и исследованы литературные источники, связанные с темой научной работы. Было определено понятие «профессионально-базируемая компетенция». Были представлены субкомпетенции профессионально-базируемой компетенции будущего учителя иностранного языка. Была описана важность использования цифровых технологий для формирования профессионально-базируемой компетенций в образовательном процессе вуза. Был проведен анализ видов цифровых технологий для формирования профессионально-базируемой компетенций в образовательном процессе вуза. Было описано использование технологии блокчейн, входящей в число цифровых технологий, для формирования профессионально-базируемой компетенций. Была разработана методика формирования профессионально-базируемой компетенций в образовательном процессе вуза. Был проведен эксперимент использования методики формирования профессионально-базируемой компетенций. Был проведен анализ проведенного эксперимента. На основе проведенного анализа был получен результат эксперимента.

Ключевые слова: профессиональная компетенция, профессиональная готовность, профессионально-базируемая компетенция, цифровые технологии, технология блокчейн.

*Mendekenova A.,^{*1} Dzhussubaliyeva D.¹*

*¹Kazakh Ablai Khan University
of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

THE FORMATION OF PROFESSIONALLY-BASED COMPETENCE IN THE EDUCATIONAL PROCESS OF THE UNIVERSITY THROUGH USING DIGITAL TECHNOLOGIES

Abstract

This scientific article is devoted to the analysis and research of the formation of professionally-based competence in the educational process of the university through using digital technologies. The scientific article consists of studying the concept of «professionally-based competence», introducing its sub-competences, presenting the methodology for using digital technologies to form professionally-based competence in the educational process of the university and testing it on the basis of an experiment. To determine the theoretical significance of a scientific article, scientific resources related to the topic of scientific work were analyzed and researched. The concept of «professionally-based competence» was defined. The sub-competences of the professionally-based competence of the future foreign language teacher were presented. The importance of using digital technologies for the formation of professionally-based competence in the educational process of the university was described. The types of digital technologies for the formation of professionally-based competence in the educational process of the university were analyzed. The use of blockchain technology for the formation of professionally-based competence was described. A methodology for the

formation of professionally-based competence in the educational process of the university was developed. An experiment was carried out using methodology for the formation of professionally-based competence. An analysis of the experiment was performed. Based on the analysis, the result of the experiment was obtained.

Keywords: professional competence, professional readiness, professional-based competence, digital technologies, blockchain technology.

Негізгі ережелер. Білім беру әрқашанда ақпараттық үдеріс болды, өйткені ақпарат үнемі оқытушыдан білімгерлерге тасымалданады, ал Интернет пен жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуымен білім беруді ақпараттандыру үдерісі басталды. Осы орайда жоғары оқу орындарындағы білімгерлермен жұмыс жасауда сандық технологияларды пайдалану дамып келуде. Сонымен қатар, жоғары білім беру орындарында белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуге бағытталған кәсіби дайындығы қалыптасқан білімгерлер дайындалуда. Сондықтан әрбір кәсіп өзінің ішкі құзыреттіліктер мен кәсіби дайындық түрлерін анықтауы керек. Құзыреттілік көзқарас негізінде Құнанбаева С.С. «5B011900 – Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша шет тілі мұғалімінің кәсіби дайындық моделін құрды, ол төрт құзыреттілік блогынан тұрады. Оның ішінде кәсіби-негізделетін құзыреттіліктер блогы белгілі бір кәсіби қызметті құру қабілетімен және дайындығымен байланысты болып келеді [1, б.44].

Кіріспе. Сандық технологиялар заманауи білім беру ортасын ұйымдастырудың үздік тәсілі ретінде асқан жылдамдықпен дамуда. Сандық технологияларды білім беру үдерісіне сәтті түрде енгізу үшін университет қабырғасында сандық технологияны қолдана білетін, сонымен қатар болашақ мамандыққа негізделген кәсіби құзыреттігі жоғары деңгейде қалыптасқан мамандарды дайындау керек. Құнанбаева С.С. ойынша кәсіби-негізделетін құзыреттілік белгілі бір кәсіби қызметтің құрылуына дайындық, сондықтан бұл құзыреттілік жоғары оқу орындарында мамандарды даярлаудың маңызды бір бағыты болып табылады [1, б.57]. Саванкова М.В өзінің ғылыми мақаласында кәсіби-негізделетін құзыреттіліктердің блогы базалық педагогикалық құзыреттіліктер құрылатын пәндерді оқытуға байланысты екенін атап көрсетті [2]. Ұсынылған құзыреттілік жоғары курстарда қалыптасады, бұл деңгейде білімгерлер болашақ мамандыққа негізделетін пәндерді игереді. Сондықтан, бұл пәндерді оқыту барысында заманауи технологиялар қолданылуы керек. Қазіргі таңда сандық технологияларды қолдану заман талабы болғандықтан оларды кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптасу мақсатында қолдану әдістемесін құрастыру қажеттілігі пайда болуда. Ғылыми мақала тақырыбының өзектілігі сандық технологияларды қолдану арқылы жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастырудың қажеттілігінде. Ғылыми мақаланың мақсаты: сандық технологияларды қолдану арқылы жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін құрастыру және құрастырылған әдістемені тәжірибеде тексеру.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы – ғылыми мақала жазу барысында жасалған қорытындылар мен теориялық ережелер жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесіне үлес қосу.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы – жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыруға арналған сандық технологиялар қолдану әдістемесін әзірлеу. Жүргізілген зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқыту үдерісінде, педагогикалық кадрларды дайындау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға болады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың бірқатар ғылыми материалдары қарастырылды. Отандық және шетелдік ғалымдардың арасында сандық технологияларды зерттеумен айналысқан және сандық технологиялардың қолданылуына зор үлес қосқан ғалымдар қатарына Нургалиева Г.К., Джусубалиева Д.М., Богданова М.В., Кондрахина Н.Г. жатады. Өз кезегінде Құнанбаева С.С.

Занина Л.В. және Зейер Э. кәсіби құзыреттілік, кәсіби дайындық және кәсіби-негізделетін құзыреттілік түсініктерін қарастырды.

Берілген ғылыми мақаланы жазу барысында теоретикалық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Негізгі ұғымдарды нақты түсіну үшін ғылыми мақала тақырыбы бойынша әдеби дереккөздерді талдау әдісі қолданылды. «Кәсіби-негізделетін құзыреттілік» түсінігіне анықтама берілді және оның субқұзыреттіліктері таныстырылды. Эмпирикалық әдіс кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыруға арналған сандық технологияны қолдану әдістемесін қолдана отырып тәжірибені өткізуді, тәжірибе нәтижелерін шығаруды және оларды адамның тәжірибелік іс-әрекетіне енгізуді қамтиды.

Нәтижелер мен талқылау. Бүгінде білім беру жүйесінде білімгерлердің құзыреттіліктерін қалыптастыру оқу үдерісінің басты. Білім берудің әрбір дегейімен байланысты құзыреттіліктің нақты түрлері қалыптасады. Қазақстан Республикасында жоғары білім беру үдерісінде қалаптасуға ба,ытталған құзыреттіліктер келесі түрге бөлінеді:

- жалпы құзыреттіліктер: әлеуметтік-этикалық құзыреттілік; экономикалық, ұйымдас-тырушылық және басқарушылық құзыреттіліктер;
- кәсіби стандарттар негізінде жоғары білім берудің әрбір мамандығы бойынша әзір-ленетін кәсіби құзыреттіліктер [3].

Бұл құзыреттіліктердің екінші түріне талдау жасасақ, Тлеубердиев Б.М. ойынша кәсіби құзыреттілік кәсіби қызметке теориялық және практикалық дайындықты білдіреді [4, б.60]. Занина Л.В. мен Меншикова Н.М. пікірінше кәсіби құзыреттілік педагогикалық жұмыстың объектісімен, құралдарымен және шарттарымен тығыз байланысты және білімгерлердің бойында қажетті қасиеттерді қалыптастырудың өнімді үлгісін жасауға қажетті жеке қасиеттерден тұрады [5, б.37].

Шетел тілін оқытудағы кәсіби құзыреттілік түрлері туралы айта отырып, құзыретті көзқарас негізінде Құнанбаева С.С 5В011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша шетел тілі пәні мұғалімінің құзыреттілік моделін құрды. Ол 4 құзыреттілік блогынан тұрады және оның ішінде кәсіби-негізделетін құзыреттіліктер блогы «негізгі құзыреттіліктер» мен белгілі бір кәсіби қызметті құру қабілеті мен дайындығына байланысты құзыреттіліктер блогы ретінде әрекет етеді [6, б.95].

Кәсіби-негізделетін құзыреттіліктер блогы белгілі бір кәсіпке қатысты негізгі құзыреттіліктерді құрайды. Сондықтан кәсіби-негізделетін құзыреттілік кәсіби негізделетін құзыреттіліктер блогының негізгі құзыреттілігі болып табылады. Сонымен, кәсіби-негізделетін құзыреттілікті болашақ педагогикалық іс-әрекетті құру қабілеті мен дайындығы.

Осы құзыреттілік болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерінің шетел тілі педагогикалық қызметін қалыптастыруға дайындық пен қабілетті қалыптастыратындықтан және ол 3 курста қалыптасатындықтан, берілген кезеңде білімгерлер жоба әзірлейтінін, кәсіби мәтіндермен жұмыс жасайтынын, жағдаяттар мен мәселелік тапсырмаларды орындау арқылы оқыту әдістемесін дайындауды үйренетінін ескеру қажет. Сондықтан ақпаратты-аналитикалық, дискурсивті-кәсіби және жағдаятты-мәселелік субқұзыреттіліктерді кәсіби-негізделетін құзыреттіліктің субқұзыреттіліктері ретінде қарастыруға негіз бар.

Қоғам дамуындағы ақпараттық дәуірдің басталуымен, ғаламтордың пайда болуымен және мобильді және бұлтты технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты, сандық технологиялардың шетел тілдерін оқыту үдерісіне енуінің маңыздылығы артуда. Кондрахина Н.Г. ойынша сандық технологиялар мәтіндерді, графикалық және бейне кескіндерді, сөз бен музыкалық сүйемелдеуді сандық форматта біріктіруді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, сандық технологиялардың көмегімен ақпаратты жинақтаудың, ұсынудың және берудің инновациялық құралдары, сондай-ақ оқыту құралдары жасалуда [7, б.134]. Богданова М.В. пікірінше «сандық технологиялар» шетел тілін оқытуда компьютерлер мен портативті электронды құрылғыларды қолдануды білдіреді [8, б.237]. Ермачкова О.П. пікірінше шетел тілін оқыту үдерісінде қолданылатын сандық технологиялар қатарына жасанды интеллект,

виртуалды шындық және блокчейн технологиялары жатады [9, б.539]. Сандық технологиялардың қарқынды дамуына қарамастан, барлық оқу орындары онымен жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген. Сондықтан жасанды интеллект технологиясы мен виртуалды шындық технологиясын қолдану оқытушы үшін оқыту процесін қиындатуы мүмкін. Блокчейн технологиясын қолдану арқылы оқытушының оқыту барысында жағдаятқа, тапсырмаға және тақырыпқа байланысты сандық білім беру платформаларының көмегімен өзіндік деректер блоктарының тізбегін жасап шығаруға мүмкіндігі болады. Блохина Н.Ю. блокчейн технологиясын «бір-бірімен байланыстырылған және әртүрлі компьютерлерде бірдей көшірмелер ретінде сақталған деректер блоктарының (мәтіндер, суреттер, бейнелер, тапсырмалар) тізбегін оқыту барысында қолдану» – деп анықтайды. [10, б.14]. Құрастырылған деректер блоктарының тізбегі кәсіби-негізделетін құзыреттіліктің әрбір субқұзыреттілігін қалыптастыруға үлес қосады. Сондықтан, кәсіби-негізделетін құзыреттіліктердің субқұзыреттіліктерін қалыптастыру үшін блокчейн технологиясын қолдану тиімді.

Тәжірибе І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жүргізілді. Бұл жоғары оқу орнында «6B01705-Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша кәсіби-негізделетін пәндер блогының қатарына «Қашықтықтан оқытудың әдістемесі мен технологиясы», «Кәсіби бағытталған мәтінмен жұмыс», «Лексикология», «Сөзжасам» пәндері жатады. Бұл пәндер болашақ шет тілі мұғалімінің кәсіби-негізделетін құзыреттілігін және оның әрбір субқұзыреттілігін қалыптастыру үшін тапсырмаларға байланысты бірқатар сандық технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді. Білімгерлердің кәсіби-негізделетін құзыреттілігін дамыту мақсатында блокчейн технологиясын қолданылды, өйткені үшінші курста кәсіби-негізделетін пәндер блогын оқыту кезінде оқытушы тақырыпқа, тапсырмаға және жағдайға байланысты сандық мазмұнның өзіндік тізбегін дамытады. Кәсіби-негізделетін құзыреттілікті дамытуда ең көп қолданылатын бағдарламалық қамтамасыз ету Microsoft Office бағдарламалары болып табылады, мысалы, Microsoft Word, Microsoft Power Point, Microsoft Excel және т.б. Бұл бағдарламалық қамтамасыз ету ақпаратты ұсыну, беру және кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру үшін сәтті қолданылады, дегенмен сабақтарды өткізуге арналған сандық білім беру платформаларының көп саны бар. Кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру ең бастысы оның субқұзыреттіліктерін қалыптастыруды талап етеді. Егер оқытушы блокчейн технологиясын пайдалана отырып, әртүрлі тапсырмаларды пайдаланса, яғни сандық білім беру платформаларын пайдалана отырып, сандық мазмұн тізбегін құрса, сонда кәсіби-негізделетін құзыреттіліктің субқұзыреттіліктерін қалыптастыру әлдеқайда жеңіл болады. Сондықтан, кәсіби-негізделетін құзыреттілікті дамыту блокчейн технологиясын қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Сонымен, 6B01705-Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 3 курс білімгерлері кәсіби-негізделетін пәндер блогында оқитын екі пән «Қашықтықтан оқыту технологиясы мен әдістемесі» және «Кәсіби-бағытталған мәтінмен жұмыс» таңдалды. Тәжірибе аталған кәсіби-негізделетін пәндерінің интеграциясы арқылы өткізілді. Блокчейн технологиясын қолдану арқылы Google sites, Canva, ThingLink, Quizlet, Google forms сандық білім беру платформалары көмегімен «Кәсіби-негізделетін сандық практикум» құрастаралды. Бұл практикум кәсіби-негізделетін пәндерді оқытуға арналған деректер блоктарының тізбегінен, оның ішінде кәсіби-негізделетін практикалық тапсырмалар, кейс-стадилер, жаттығулар, түпнұсқа мәтіндер және 15 аптаға арналған тесттер жарияланған (сурет 1).



Сурет 1 – Кәсіби-негізделетін практикum

Жалпы тәжірибеге 106 білімгер қатысты. Бақылау тобында 53, тәжірибелік топта 53 білімгер болды. 15 апта бойы білімгерлерде сандық білім беру платформаларын қолдану арқылы әрбір субқұзыреттілікті қалыптастыратын тапсырмалар дайындалды. Мысалы «Қашықтықтан оқыту технологиясы мен әдістемесі» пәнінің 10 апта тақырыбы Portfolio as a form of assessing the individual achievements of a student in the conditions of distance learning болып табылады. Ақпаратты-аналитикалық субқұзыреттілікті дамыту үшін ақпаратқа талдау жасауға арналған тапсырмалар берілді:

1. Define a term Portfolio;
2. Analyze the use of portfolios in education;
3. Illustrate the purpose of using a portfolio in education;
4. Dwell on the types and forms of portfolios;
5. Discuss the use of portfolio assessment;
6. Examine the use of portfolios in distance learning.

Дискурсивті-кәсіби субқұзыреттілікті қалыптастыру үшін болашақ мамандыққа байланысты «Analysis of useful methods of distance learning» атты түпнұсқалық ғылыми мақала ұсынылып, оған келесідей тапсырмалар берілді:

1. Read the article;
2. Convert the Strategies of the portfolio into distance learning;
3. Put in order the stages of the Portfolio in DE;
4. Discuss the information given in the article.

Жағдаятты-мәселелік субқұзыреттілікті қалыптастыру үшін білімгерлерге өздерін бағалау мәселесін шешу тапсырмасы берілді. Білімгерлерге келесі тапсырмалар ұсынылды:

1. Assess yourself from 0 to 100 regarding the performance you have been showing so far;
2. Make your own portfolio to prove you deserve your assessment;
3. Use any app you want.

Ал «Кәсіби-бағытталған мәтінмен жұмыс» пәнінің 9 апта тақырыбы – «Blackmail in politics». Жағдаятты-мәселелік субқұзыреттілікті қалыптастыру үшін білімгерлерге тақырыпқа байланысты жағдаяттарға шешім табуға арналған келесі тапсырмаларды орындау ұсынылды:

Discuss these statements to express your opinion on them.

1. A deal like the one Howden and Warrender made was a natural thing for both politicians;
2. Richardson came to Warrender on a mission he was reluctant to put through;
3. Business and politics often cooperate closely;
4. Blackmail is common in politics.

Осылайша әрбір сабаққа арналған оқу материалдары кәсіби-негізделетін құзыреттіліктің субқұзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Әрбір субқұзыреттіліктің қалыптасуы 6 өлшемнен тұрады.

- Ақпаратты-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыру өлшемдері:
- ақпаратты түсіну және қолдану қабілеті;

- материалды іздеу үшін ғаламторды шарлау қабілеті;
- ақпаратты талдау және синтездеу қабілеті;
- ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу қабілеті.

Дискурсивті-кәсіби субқұзыреттілікті қалыптастыру өлшемдері:

- кәсіби ұғымдарды анықтай білу;
- кәсіби мәтіндерді талдай білу;
- кәсіби тақырыптар бойынша интеграциялау қабілеті;
- кәсіби аудиоматериалдарды тыңдау және талқылау қабілеті.

Жағдаятты-мәселелік субқұзыреттілікті қалыптастыру өлшемдері:

- жағдаяттарды талқылауды жүзеге асыру қабілеті;
- кәсіби жағдаяттардан шешім таба білу;
- жағдаяттар мен проблемалық тапсырмаларды құрастыра білу;
- кәсіптік қызметтің проблемалық міндеттерін шеше білу.


Аталған сандық практикumның көмегімен тәжірибелік топ білімгерлерінің кәсіби-негізделетін субқұзыреттіліктері арта түсті. Бұл 15 аптада өткізілген тестілеу тапсырмалары арқылы анықталды. Білімгерлердің кәсіби-негізделетін құзыреттілігінің қалыптасуының 3 деңгелерін қарастырдық. Жоғары деңгейдегі білімгерлерде кәсіби-негізделетін құзыреттіліктің субқұзыреттіліктерінің өлшемдері 80-100% аралығында қалыптасқан. Орташа деңгейдегі білімгерлер 50-80% аралығында болса және төмен деңгейдегі білімгерлер 0-50% аралығындағы субқұзыреттіліктер өлшемдерінің қалыптасу деңгейін көрсетеді (кесте 1).

Кесте 1 - Кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру өлшемдерінің деңгейлері

Кәсіби-негізделетін құзыреттілігінің қалыптасу өлшемдері	Деңгей	Бақылау тобы		Тәжірибелік топ	
		саны	%	саны	%
Ақпаратты-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыру өлшемдері:	Жоғары 80-100%	14	26%	38	72%
	Орташа 50-80%	36	68%	13	24%
	Төмен 0-50%	3	6%	2	4%
Дискурсивті-кәсіби субқұзыреттілікті қалыптастыру өлшемдері:	Жоғары 80-100%	25	48%	42	80%
	Орташа 50-80%	23	43%	9	16%
	Төмен 0-50%	5	9%	2	4%
Жағдаятты-мәселелік субқұзыреттілікті қалыптастыру өлшемдері:	Жоғары 80-100%	37	70%	27	51%
	Орташа 50-80%	15	28%	26	49%
	Төмен 0-50%	1	2%	0	0%

Берілген кестедегі нәтижелерге талдау жасасақ, бақылау тобында жоғары деңгейдегі білімгерлер көрсеткіші 26-76% аралығында болса, тәжірибелік топта бұл көрсеткіш 51-80% аралығында болды. Бақылау тобының 28-68% білімгерлерінде субқұзыреттілік өлшемдерінің қалыптасуы орташа деңгейде болса, тәжірибелік топтың 16-49% білімгерлері келесі деңгейді көрсетті. Субқұзыреттілік өлшемдерін қалыптастырудың төмен деңгейіне келетін болсақ, бақылау тобының білімгерлері 2-9% бұл деңгейде болса, тәжірибелік топтың 4%-ы төмен деңгейді көрсетті.

Білімгерлердің тапсырмаларды орындау барысында кәсіби-негізделетін құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі бұл құзыреттілік субқұзыреттіліктерінің өлшемдері арқылы анықталды. Нәтижесінде, жоғары және орташа деңгейді көрсеткен білімгерлер санын қосу арқылы кәсіби-негізделетін құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі айқындалды (сурет 2).



Сурет 2 – Сандық технологияны қолдану арқылы білімгерлердің кәсіби-негізделетін құзыреттілігін қалыптастыру нәтижесі

Сонымен, білімгерлердің кәсіби-негізделетін құзыреттілігі сандық технологияны қолдану арқылы қалыптасатыны өткізілген тәжірибе нәтижесі арқылы анықталды. Тәжірибелік топ білімгерлерінің 97%-нда бұл құзыреттілік қалыптасты. Бұл нәтиже бақылау тобынан 4%-ға артық болды.

Қорытынды. Білім саласына енгізілген сандық технологиялар оның сапалы жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етуде. Сандық технологиялар қатарына кіретін блокчейн технологиясын қолдану ЖОО-ның білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыруға қолайлы. Бұл құзыреттілік мамандыққа байланысты негізгі пәндерді оқу үдерісінде қалыптасқандықтан, оны қалыптастыру мақсатында кәсіби деректер блоктарының тізбегін құрастыру қажет. Оларды құрастыруға блокчейн технологиясы мүмкіндік береді.

Ғылыми мақала жазу барысында «кәсіби-негізделетін құзыреттілік» түсінігіне анықтама беріліп оның субқұзыреттіліктері ұсынылды. Бұл құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі құралды. Әдістеме кәсіби-негізделетін пәндерге арналған арнайы сандық оқыту практикумына негізделді. Ұсынылған әдістеме тәжірибеде қолданылды. Тәжірибеге бақылау және тәжірибелік топтар қатысты. Бірінші топта дәстүрлі технологиялар қолданылса, екінші топта сандық технологиялар қатарына жататын блокчейн технологиясы қолданылды. Өткізілген тәжірибе нәтижесі тәжірибелік топта кәсіби-негізделетін құзыреттілік бақылау тобына қарағанда жоғарырақ қалыптасқанын көрсетті. Осылайша, сандық технологияларды қолдану ЖОО-ның білім беру үдерісінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, ұсынылып отырған әдістеме негізінде кәсіби-негізделетін құзыреттіліктің әрбір субқұзыреттілігі қалыптасады, себебі блокчейн технологиясын қолдану арқылы олардың қалыптасуына арналған деректер блоктарының тізбегі дайындалды. Жоғары оқу орындарында білімгерлерді оқыту барысында сандық технологиялар қолданылса, білімгерлердің кәсіби-негізделетін құзыреттілігі қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кунанбаева С.С. *Теория и практика современного иноязычного образования* / С.С. Кунанбаева. – Дом печати «Эдельвейс», 2010. - 339 с
2. Саванкова М.В. *К вопросу формирования межкультурно-коммуникативной компетенции у студентов педагогических специальностей* [Электронный ресурс]. – 2020. – URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29609> (дата обращения: 27.09.2023)
3. Кукуев А.И., Шевченко В.А. *Современные подходы в образовании* // *Международный журнал экспериментального образования* – 2010. – Т.2. № 3. - С.10-12
4. Тлеубердиев Б.М., Рысбаева Г.А. Медетбекова Н.Н. *Профессиональная компетентность педагога* // *Международный журнал экспериментального образования* – 2013. – Т.1. № 10. - С.47-50
5. Занина Л.В., Меньшикова Н.П. *Основы педагогического мастерства*/Л.В. Занина.– Феникс, 2003- 288с
6. Кунанбаева С.С. *Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования* / С.С. Кунанбаева. – Дом печати «Эдельвейс», 2014. - 208 с

7. Кондрахина Н.Г. Цифровая трансформация иноязычного образования в оптике ключевых изменений и перспектив развития в современном обществе // Вестник Финансового университета. Гуманитарные Науки – 2021. – Т.4. №11. - С. 133-138
8. Богданова М.В. Использование цифровых технологий в преподавании иностранного языка // Шатиловские чтения. Цифровизация иноязычного образования – 2020. – Т.1. №2. - С. 235-239.
9. Iermachkova O., Chvalova K. Role of Digital Technologies in the Foreign Language Classroom // International Scientific Conference «Digitalization of Education: History, Trends and Prospects». – Prague, 2020. - P. 538-543.
10. Блохина Н.Ю., Кобелева Г.А. Современные образовательные технологии в рамках реализации федерального проекта «Цифровая образовательная среда» / Н.Ю. Блохина. - КОГОАУ ДПО «ИРО Кировской области», 2020. - 70 с.

References:

1. Kunanbayeva S.S. Teoriya i praktika sovremennogo inoyazychnogo obrazovaniya / S.S. Kunanbayeva. – Dom pechati «Edelveis», 2010. - 339 s
2. Savankova M.V. K voprosu o formirovanii mezhkul'turnoy i kommunikativnoy kompetensii u studentov pedagogicheskikh spetsial'nostey [Elektronnyy resurs]. – 2020. – URL: <http://science-education.ru/ru/article/view?id=29609> (accessed 27 September 2022)
3. Kukuyev A.I., Shevchenko V.A. Sovremennyye podkhody v obrazovanii // Mezhdunarodnyy zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya – 2010. – Т.2. № 3. - S. 10-12
4. Tleuberdiyev B.M., Rysbayeva G.A., Medetbekova N.N. Professional'naya kompetentnost' pedagoga // Mezhdunarodnyy zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya – 2013. – Т.1. № 10. - S. 47-50
5. Zanina L.V. Men'shikova N.P. Osnovy pedagogicheskogo masterstva. Seriya «Uchebniki, uchebnyye posobiya» / L.V. Zanina. – Feniks, 2003. - 288 s
6. Kunanbayeva S.S. Kompetentnoye modelirovaniye professional'nogo inoyazychnogo obrazovaniya / S.S. Kunanbayeva. – Dom pechati «Edelveis», 2014. - 208 s
7. Kondrakhina N.G. Tsifrovaya transformatsiya inoyazychnogo obrazovaniya v optike klyuchevikh izmeneniy i perspektiv razvitiya v sovremennom obshchestve // Vestnik Finansovogo universiteta. Gumanitarnyye nauki – 2021. – Т.4. №11. - S. 133-138
8. Bogdanova M.V. Ispol'zonaniye tsifrovyykh tekhnologiy v obuchenii inostrannomu yazyku // Sjatilovskiy chteniye. Tsifrovizatsiya obucheniya inostrannym yazykam – 2020. – Т.1. №2. - S. 235-239
9. Iermachkova O., Chvalova K. Role of Digital Technologies in the Foreign Language Classroom // International Scientific Conference «Digitalization of Education: History, Trends and Prospects». – Prague, 2020. - P. 538-543.
10. Blokhina N.Ju., Kobleeva G.A. Sovremennyye obrazovatel'nyye tekhnologii v ramkakh relizatsii federal'nogo proekta «Tsifrovaya obrazovatel'naya sreda» / N.Ju. Blokhina. - КОГОАУ ДПО «ИРО Кировской области», 2020. - 70 с

IRSTI 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.82.2.021>

Sadykova A.,^{1*} Alzhanova A.,¹ Duisengaliyeva A.,¹ Atabekova B.²

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE ESSENCE OF TRAINING FUTURE SOCIAL EDUCATORS IN SOCIAL PARTNERSHIP

Abstract

In an independent country living within socio-economic relations, it is essential to bring the human capital to the level of a state that meets the requirements of potential employers and is in high demand. At the same time, it is considered one of the main tasks of the education system to prepare future social educators on the basis of social partnership, examine the interests of each party participating in the partnership, and professional development of future specialists.